Уәкілетті органның мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны, облигациялық бағдарлама шегіндегі мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын) мемлекеттік тіркеуі инвесторларға проспектіде сипатталған мемлекеттік емес облигацияларды иеленуге қатысты қандай да бір ұсыныстарды беруді білдірмейді және осы құжаттағы ақпараттың дәйектілігін растамайды.

Эмитенттің лауазымды тұлғалары мемлекеттік емес екінші облигациялар шығарылымы проспектісінде берілген бүкіл ақпарат дәйекті және эмитент пен оның орналастырылатын облигацияларына қатысты инвесторларды жаңылыстырмайтын болып табылатынын растайды.

Мемлекеттік емес облигациялар айналыста болған кезеңде эмитент Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасының талаптарына сәйкес қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында бағалы қағаздар нарығында ақпаратты жариялауды қамтамасыз етеді.

1. Осы проспектіде («**Проспект**») ақпарат ұсынылған облигациялар шығарылымы («**Облигациялар**») «Лизинг Групп» Акционерлік қоғамының («**Эмитент**») екінші облигациялық бағдарлама проспектісіне («**Облигациялық бағдарлама**») сәйкес жүргізіледі. Бас әріппен жазылған және проспектіде пайдаланылған терминдер проспектінің мәтінінде анықталған мағынаға ие.

2. Облигациялық бағдарлама туралы мәліметтер:

- | | |
|---|---|
| 1) Облигациялық бағдарлама проспектісін мемлекеттік тіркеу күні | Эмитенттің бірінші Облигациялық бағдарламасын мемлекеттік тіркеу бірінші Облигациялар шығарылымы проспектісін мемлекеттік тіркеумен бір уақытта жүзеге асырылады. |
| 2) Облигациялық бағдарламаның шығарылымы жүзеге асырылатын шегіндегі көлемі | 8 000 000 000 (сегіз миллиард) теңге. |
| 3) Облигациялық бағдарлама шегіндегі барлық алдыңғы облигациялар шығарылымдары туралы мәліметтер (осы облигациялық бағдарлама шегіндегі әр шығарылым бойынша бөлек жеке), оның ішінде | Облигациялық бағдарлама шегінде облигациялар шығарылымдары болмаған. |

3. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер:

- | | |
|--|--|
| 1) Облигациялардың түрі | Кепілсіз купондық облигациялар. |
| 2) Бір облигацияның номиналды құны (егер бір облигацияның номиналды құны индекстелген шама болып табылса, онда бір облигацияның номиналды құнын есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі) | 1 000 (бір мың) теңге (« Номиналды құны »). |
| 3) Облигациялардың саны | 2 000 000 (екі миллион) дана. |
| 4) Облигациялар шығарылымының жалпы көлемі | 2 000 000 000 (екі миллиард) теңге. |
| 5) Облигациялар бойынша номиналды құнының валютасы, негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы | Облигациялар бойынша Номиналды құны және сыйақы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен төленеді.
Егер Облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасы резиденті болмаса Облигациялардың Номиналды құнын және/немесе сыйақы төлеу, Қазақстан Республикасы аумағында банктік шоты болған жағдайда, Облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде көрсетілген деректемелер бойынша Облигациялардың Номиналды құнын және/немесе сыйақы Облигацияларды ұстаушының банктік шотына теңгемен төленеді.
Облигациялар бойынша Номиналды құнын |

және/немесе сыйақы төлеу кезінде теңгені басқа валютаға (тек қана Еуро немесе АҚШ доллары) айырбастау Эмитент Қазақстан Республикасының резиденті емес Облигацияларды ұстаушыдан тиісті төлем күніне дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей тиісті жазбаша өтініш алған жағдайда рұқсат етіледі.

Теңгені Еуро немесе АҚШ долларларына айырбастау тиісті төлем жасалған күнгі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі («ҚРҰБ») белгілеген бағам бойынша жасалады.

Айырбастауға байланысты Эмитенттің шығыстары Қазақстан Республикасының резиденті емес Облигациялар ұстаушыға төленуге тиісті сомадан ұсталады.

4. Орналастырылатын облигацияларға ақы төлеу тәсілі

Облигацияларға ақы төлеу теңгемен ақшасыз нысанда жүзеге асырылады.

5. Облигациялар бойынша кіріс алу:

1) Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі (егер облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі индекстелген шама болып табылса, онда облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесін есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі)

Купондық мөлшерлеме «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес өткізілген Облигацияларды орналастыру бойынша алғашқы өткізілген сауда-саттық нәтижелері бойынша (бұдан әрі - «**Алғашқы өткізілген сауда-саттық**») Алғашқы өткізілген сауда-саттық кезінде кесімді ставка ретінде Эмитентпен анықталады. Купондық сыйақы мөлшерлемесі («**Сыйақы мөлшерлемесі**») Облигация айналысының бүкіл мерзіміне («**Айналыс мерзімі**») бекітіледі және сыйақы мөлшерлемесінің төменгі шегі жылына 11.5% (он бір бүтін оннан бес пайыз), Сыйақы мөлшерлемесінің жоғарғы шегі жылына 14.5% (он төрт бүтін оннан бес пайыз).

2) Облигациялар бойынша сыйақы төлеу кезеңділігі және (немесе) сыйақы төлеу күні

Сыйақы төлеу Айналысы басталған күннен олардың Айналысы аяқталу күнін қоса алғанда жылына 2 (екі) рет әрбір 6 (алты) ай сайын төленеді.

3) Облигациялар бойынша сыйақыны есептеу басталған күн

Сыйақы есептеу Облигациялар Айналысы басталған күннен басталады.

4) Облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары, облигациялар бойынша сыйақы алу тәсілі

Сыйақыны алуға сыйақы төленетін кезеңнің соңғы күнінің басындағы жағдайы бойынша («**Тізілімді бекіту күні**») Облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде тіркелген тұлғалардың құқығы бар.

Облигациялар бойынша сыйақы төлеу күнгі жағдай бойынша Облигациялар бойынша сыйақы мөлшері Номиналды құнның және жартыжылдық Сыйақы мөлшерлеменің көбейтіндісі ретінде есептеледі.

Ондық таңбалардың саны және дөңгелектеу әдісі «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес анықталады.

Сыйақы Тізілімді бекіту күнінен кейінгі күннен бастап 5 (бес) жұмыс күн ішінде Облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына ақшаны

теңгемен аудару арқылы төленеді.

Егер Облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасы резиденті болмаса сыйақы төлеу, Қазақстан Республикасы аумағында банктік шоты болған жағдайда, Облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде көрсетілген деректемелер бойынша Облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына теңгемен төленеді.

Облигациялар бойынша сыйақы төлеу кезінде теңгені басқа валютаға (тек қана Еуро немесе АҚШ доллары) айырбастау Эмитент Қазақстан Республикасының резиденті емес Облигацияларды ұстаушыдан тиісті төлем күніне дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей тиісті жазбаша өтініш алған жағдайда рұқсат етіледі.

Теңгені Еуро немесе АҚШ долларларына айырбастау тиісті төлем жасалған күнгі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша жасалады.

Айырбастауға байланысты Эмитенттің шығыстары Қазақстан Республикасының резиденті емес Облигациялар ұстаушыға төленуге тиісті сомадан ұсталады.

- 5) Облигациялар бойынша сыйақыны есептеуге қолданылатын уақыт кезеңі

30/360 (айда отыз күн, жылда үш жүз алпыс күн).

6. Жобалық қаржыландыру кезінде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығарған кезде

Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды. Облигациялар шығарылымы жобалық қаржыландыру шегінде жасалмаған.

- 1) Ақшалай талаптардың сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақшаның түсу талаптары және болжамды мерзімдері

Қолданылмайды.

- 2) Облигацияларды ұстаушыларға негізгі шарт бойынша құрылған мүліктің меншік иегерінің ауысқаны туралы, кредиторлардың өкілдерін арнайы қаржы компаниясының органдарына енгізу және олардың өкілеттіктері туралы ақпарат ұсыну тәртібі

Қолданылмайды.

- 3) Бөлінген активтердің есебінен жүзеге асырылатын жобалық қаржыландыру және активтерді инвестициялық басқару мәмілесіне қызмет көрсетуге байланысты арнайы қаржы компаниясы шығыстарының тізбесі

Қолданылмайды.

7. Секьюритизация кезінде арнайы

Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып

қаржы компаниясының облигацияларын шығарған кезде

табылмайды. Облигациялар шығарылымы секьюритизация мәмілесі шегінде жасалмаған.

- 1) Оригинатордың, кастодиан банкінің, инвестициялық портфельді басқарушының, арнайы қаржы компаниясының және берілген талап ету құқықтары бойынша төлемдер алымын жүзеге асыратын тұлғаның атауы мен орналасқан жері Қолданылмайды.
- 2) Секьюритизация мәмілесіндегі оригинатордың қызметінің мәні, құқықтары мен міндеттері Қолданылмайды.
- 3) Талап ету құқықтарының сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша акшаның түсу талаптары, тәртібі мен мерзімдері, және олардың орындалуына бақылау жүргізу тәртібі Қолданылмайды.
- 4) Берілген активтер бойынша уақытша еркін түсімдерді инвестициялау тәртібі Қолданылмайды.
- 5) Секьюритизация мәмілесі бойынша қызмет төлеміне байланысты шығыстар, және арнайы қаржы компаниясына осы шығыстарды берілген активтерден шегеруге құқық беретін талаптар Қолданылмайды.
- 6) Оригинатордың және секьюритизация мәмілесіне қатысушы тұлғалардың секьюритизацияны қолдану тәжірибесінің болуы туралы мәліметтер Қолданылмайды.
- 7) Секьюритизация мәмілесін қамтамасыз ететін берілген активтердің мөлшері, құрамы және өсімінің болжамды талдауы Қолданылмайды.
- 8) Талап ету құқықтары біртектілігінің белгісі Қолданылмайды.
- 9) Облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған түрлі шығарылымдар облигацияларын өтеу кезектілігі Қолданылмайды.

8. Облигацияларды орналастыру талаптары мен тәртібі:

- 1) Облигацияларды орналастыру Айналысы басталған күн Облигацияларды

	басталған күн		Орналастыру басталған күні болып табылады.
2)	Облигацияларды аяқталған күн	орналастыру	Айналысы аяқталған күн Облигацияларды Орналастыру аяқталған күні болып табылады.
3)	Облигацияларды жоспарланған (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған) бағалы қағаздар нарығы)	орналастыру нарық	Облигацияларды орналастыру ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында жоспарланған.

9. Облигациялар айналысының талаптары мен тәртібі:

1)	Облигациялар айналысы басталған күн		«Қазақстан қор биржасы» АҚ (« Биржа ») сауда жүйесінде Облигацияларды орналастыру үшін бірінші өткізілген сауда күні (« Айналысы басталған күн ») Облигациялар айналысы басталған күн болып табылады Бірінші өткізілген сауда нәтижесінде анықталған Айналысы басталған күн туралы хабарлама Эмитенттің корпоративтік веб-сайтында (www.lease.kz), сондай-ақ Биржа веб-сайтында (www.kase.kz) жарияланады.
2)	Облигациялар аяқталған күн		Облигациялардың айналысы аяқталған күні (« Айналысы аяқталған күні ») болып Облигациялардың Айналыс мерзімінің соңғы күні табылады.
3)	Айналыс мерзімі		Облигациялардың айналыс мерзімі Облигациялар Айналысы басталған күннен бастап 24 (жиырма төрт) айды құрайды (« Айналыс мерзімі »).
4)	Облигациялар жоспарланған (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған) бағалы қағаздар нарығы)	айналысы нарық	Облигациялар айналысы ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында жоспарланған.

10. Облигацияларды өтеу талаптары мен тәртібі:

1)	Облигацияларды өтеу күні		Облигациялар Айналысы аяқталған күнінен кейінгі 5 (бес) жұмыс күн ішінде өтеледі.
2)	Облигацияларды өтеу тәсілі		Облигациялар Облигацияларды ұстаушылардың тізлімінде көрсетілген деректемелер бойынша Облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына теңгемен ақшаны аудару арқылы Облигациялар Айналысы аяқталған күнінен кейінгі күннен бастап 5 (бес) жұмыс күн ішінде соңғы Облигацияларға сыйақыны төлей отырып Номиналды құны бойынша өтеледі.

Номиналды құны және соңғы сыйақы Тізілімді бекіту күніндегі жағдайы бойынша Облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде тіркелген және оларды алуға құқығы бар тұлғаларға төленеді.

Егер Облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасы резиденті болмаса Номиналды құны және соңғы сыйақысы, Қазақстан Республикасы аумағында банктік шоты болған жағдайда, Облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде көрсетілген деректемелер бойынша Облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына теңгемен төленеді.

Номиналды құнын және соңғы сыйақысын төлеу кезінде теңгені басқа валютаға (тек қана Еуро немесе АҚШ доллары) айырбастау Эмитент Қазақстан Республикасының резиденті емес Облигацияларды ұстаушыдан тиісті төлем күніне дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей тиісті жазбаша өтініш алған жағдайда рұқсат етіледі.

Теңгені Еуро немесе АҚШ долларларына айырбастау тиісті төлем жасалған күнгі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша жасалады.

Айырбастауға байланысты Эмитенттің шығыстары Қазақстан Республикасының резиденті емес Облигациялар ұстаушыға төленуге тиісті сомандан ұсталады.

- 3) Егер облигацияларды өтеу кезінде сыйақыны және номиналды құнын төлеу облигациялар шығарылымының проспектісіне сәйкес өзге мүлдік құқықтармен жүргізілетін болса, осы құқықтардың, олардың сақталу тәсілдерінің, бағалау тәртібінің және көрсетілген құқықтарды бағалауды жүзеге асыруға құқылы тұлғалардың, сондай-ақ осы құқықтардың өтуін іске асыру тәртібінің сипаттамасы келтіріледі

Облигацияларды өтеу кезінде сыйақыны және Номиналды құнын төлеу өзге мүлдік құқықтармен жүргізілмейді.

11. Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген облигацияларды сатып алудың қосымша талаптары болған жағдайда:

- 1) Облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру тәртібі, талаптары;

Айналыс мерзімі ішінде Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімі бойынша ұйымдасқан және ұйымдаспаған бағалы қағаздар нарығында Облигациялар шығаруға құқығы болады.

Эмитенттің бастамасы бойынша Облигацияларды

сатып алу бағасы, сатып алу құқығын іске асыру тәртібі мен талаптары Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімімен айқындалады.

Эмитенттің Облигацияларды сатып алуы Облигацияларды ұстаушылардың құқықтарының бұзылуына әкеп соқпауға тиіс.

Ұйымдасқан және ұйымдаспаған бағалы қағаздар нарығында Облигациялар өтелген болып саналмайды, Эмитент ұйымдасқан және ұйымдаспаған бағалы қағаздар нарығында сатып алынған Облигацияларды Айналыс мерзімі ішінде қайтадан сатуға құқылы.

Эмитент Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигацияларды ұстаушыларға осындай шешімнің қабылдағаны туралы ақпаратты Биржаның веб-сайтына (www.kase.kz), Қаржылық есептілік депозитарийінің веб-сайтына (www.dfo.kz) және Эмитенттің корпоративтік веб-сайтында (www.lease.kz) тиісті хабарларды жариялау арқылы жіберуге міндетті.

Жарияланатын хабарда мынадай ақпарат қамтылуға тиіс:

- Облигацияларды сатып алу жүзеге асырылатын нарық (ұйымдасқан немесе ұйымдаспаған);
- сатып алынатын Облигациялардың саны;
- Облигацияларды сатып алу мерзімдері;
- ұйымдаспаған нарықта сатып алған жағдайда - Облигацияларды ұстаушының Эмитентке сатып алу туралы жазбаша өтініш беру мерзімдері, сондай-ақ осындай жазбаша өтініш қамтылуға тиіс ақпарат, ұйымдасқан нарық жағдайында - Облигацияларды сатып алу бойынша сауда-саттықтар өткізу әдісі; және
- Эмитенттің Директорлар кеңесінің тиісті шешімімен айқындалған сатып алудың өзге талаптары.

Облигацияларды ұстаушылардың кез келгенінің Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімінде көрсетілген тәртіпке және талаптарға сәйкес Эмитентке осындай ұстаушыға тиесілі Облигацияларды сатуға ұсыныс жасауға құқығы бар.

Ұстаушылары сатып алу үшін ұсынбайтын Облигациялар Айналыс мерзімі аяқталғаннан кейін Проспектінің талаптарына сәйкес өтеледі.

Облигацияларды сатып алу мерзімі Эмитенттің Директорлар кеңесі шешімімен белгіленеді және осы Проспектінің 11 тармағының 1) тармақшасына

2) Облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру мерзімдері көрсетіледі

сәйкес Облигациялар ұстаушылардың назарына жеткізілуі тиіс.

12. Егер эмитент облигацияларды шығару кезінде Бағалы қағаздар туралы заңда көзделмеген қосымша ковенанттар (шектеулер) қабылдаған жағдайда:

- 1) Эмитент қабылдайтын және Бағалы қағаздар туралы заңда көзделмеген ковенанттардың (шектеулердің) сипаттамасы
- 2) Эмитенттің ковенанттар (шектеулер) бұзылған кездегі әрекеттерінің тәртібі

Облигациялардың айналысы кезінде Эмитент келесі шарттарды орындауы тиіс:

- Эмитент пен Биржа арасында жасалған листинг туралы келісімде және/немесе Биржаның басқа ішкі құжаттарында белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілік беру мерзімдерін бұзуға жол бермеу;
- Эмитент пен Биржа арасында жасалған листинг туралы келісімде және/немесе Биржаның басқа ішкі құжаттарында белгіленген тәуелсіз аудитордың қорытындысымен қоса жылдық қаржылық есептілік беру мерзімін бұзуға жол бермеу.

Жоғарыда аталған жағдайлардың біреуі немесе бірнешеуі туындаған кезде, Эмитент Облигацияларды ұстаушыларға олардың туындау фактілері туралы туындаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитенттің корпоративтік веб-сайтына (www.lease.kz), Биржаның веб-сайтына (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің веб-сайтына (www.dfo.kz) тиісті хабарларды жариялау арқылы хабарлауға міндетті.

Хабарда туындау себептері және Облигацияларды ұстаушылардың Эмитентке орналастырылған Облигацияларды сатып алу бойынша талаптар ұсыну рәсімдері туралы толық ақпарат қамтылуға тиіс.

Облигацияларды сатып алу туралы кемінде бір жазбаша өтініш алған жағдайда, Эмитенттің Директорлар кеңесі сатып алуға жазбаша өтінімдер қабылдау кезеңінің соңғы күнінен кейінгі күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Проспектінің 12-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдайды. Осындай шешімде сатып алынатын Облигациялардың саны туралы, сатып алу мерзімдері және есеп айырысу тәртібі туралы ақпарат қамтылады.

Эмитент Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигацияларды ұстаушыларға осындай шешімнің қабылданғаны туралы ақпаратты Эмитенттің корпоративтік веб-сайтына (www.lease.kz), Биржаның веб-сайтына (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік

депозитарийінің веб-сайтына (www.dfo.kz) тиісті хабарларды орналастыру арқылы жіберуге міндетті. Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдағаннан кейін сатып алу осындай шешімнің талаптарына сәйкес, бірақ осындай шешімнің қабылданғаны туралы жарияланған күннен бастап кемінде күнтізбелік 50 (елу) күннен кешіктірілмей және Проспектінің 12-тармағының 1) тармақшасында сипатталған талаптар бұзылған күннен бастап кемінде күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

Облигацияларды сатып алу Облигацияларды ұстаушылар берген жазбаша өтініштердің негізінде ғана жүзеге асырылады. Жазбаша өтініштер бермеген Облигацияларды ұстаушылардың олардың қолындағы Облигацияларды Айналыс мерзімі аяқталғаннан кейін өтеуге құқығы бар.

Эмитент Облигацияларды ұстаушылардың талап етуі бойынша Облигацияларды мынадай бағалардың ең үлкені бойынша сатып алады:

- жинақталған сыйақы ескеріле отырып Номиналды құнға сәйкес баға бойынша;
- Облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша.

3) Облигацияларды ұстаушылардың ковенанттар (шектеулер) бұзылған кездегі әрекеттерінің тәртібі

Эмитенттің ковенанттердің (шектеулердің) кез келгенін бұзғаны туралы ақпаратпен Облигацияларды ұстаушылар Биржаның веб-сайтынан (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің веб-сайтынан (www.dfo.kz) және Эмитенттің корпоративтік веб-сайтында (www.lease.kz) Проспектінің 12-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген мерзімдерде таныса алады.

Облигацияларды ұстаушының Проспектінің 12-тармағының 2) тармақшасында аталған бір немесе бірнеше жағдайдың туындағаны туралы хабар жарияланған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде олардың қолындағы Облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініш беруге құқығы бар.

Облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініш еркін нысанда жасалады, бірақ мынадай ақпарат қамтылуға тиіс:

- сатып алынатын Облигациялардың саны және берілген халықаралық идентификациялық нөмірі (ISIN коды);
- **занды тұлға мынадай мәліметтерді көрсетуге тиіс:** толық атауы, мемлекеттік тіркелгенін растайтын құжат берілген күн және берген орган, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бар болса), орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері, банктік деректемелері.
- **жеке тұлға мынадай мәліметтерді көрсетуге тиіс:** тегі, әкесінің аты (бар болса), нөмірі, берілген күні және жеке басын куәландыратын

құжатты берген органы, тұрғылықты жері, байланыс телефондары, банктік деректемелер. Жазбаша өтініштер бермеген Облигацияларды ұстаушылардың олардың қолындағы Облигацияларды Айналыс мерзімі аяқталғаннан кейін өтеуге құқығы бар.

Облигациялар айырбасталатын емес.

13. Айырбасталатын облигацияларды шығарған кезде мынадай мәліметтер қосымша көрсетіледі:

- 1) Облигациялар айырбасталатын акциялардың түрі, саны және оларды орналастыру, осы акциялар бойынша құқықтар
- 2) Облигацияларды айырбастау тәртібі мен талаптары (егер облигациялар шығарылымы толықтай айырбасталатын болса, онда айырбастау аяқталған күннен бастап 1 (бір) айдың ішінде облигациялар шығарылымы күшінің жойылатындығы көрсетіледі, ал егер облигациялар шығарылымы толықтай айырбасталмайтын болса, онда осы шығарылымның сатып алынған облигацияларының бұдан әрі орналастырылмай, айналыс мерзімінің соңында етелетіндігі көрсетіледі)

Қолданылмайды.

Қолданылмайды.

14. Шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық не ішінара қамтамасыз ететін эмитенттің мүлігі туралы мәліметтер:

Облигациялар бойынша міндеттемелер Эмитенттің мүлігімен толық не ішінара қамтамасыз етілмеген.

- 1) Осы мүліктің бағасын, салық туралы шарттың деректемелерін көрсете отырып, шығарылған облигациялар бойынша қамтамасыз ету сипаттамасы
- 2) Қамтамасыз ету бағасының облигациялар шығарылымының жиынтық көлеміне пайыздық арақатынасы
- 3) Кепіл затын өндіріп алу айналысы тәртібі

Қолданылмайды.

Қолданылмайды.

Қолданылмайды.

15. Кепілдік берген банктің деректері, атауы, орналасқан жері, кепілдік туралы шарттың деректемелері, кепілдіктің мерзімі мен талаптары (егер облигациялар банк кепілдігімен қамтамасыз етілсе)

Облигациялар банк кепілдігімен қамтамасыз етілмеген.

16. Инфрақұрылымдық облигациялар шығарылған кезде - концессия шартының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттің кепілдемесін беру туралы қаулысының деректемелері

Облигациялар инфрақұрылымдық емес.

17. Облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны нысаналы пайдалану мақсаты:

- 1) Эмитенттің Облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаты
- 2) Инфрақұрылымдық облигациялар шығарылған кезде облигациялар ұстаушылар өкілінің қызметіне онымен жасалған шарттың талаптарына сәйкес ақы төлеуге байланысты шығыстар көрсетіледі

Облигацияларды орналастыру кезіндегі негізгі мақсаттар Эмитенттің лизингтік бизнестің көлемін ұлғайту, Эмитенттің клиенттерін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында тыйым салынбаған басқа да қызмет түрлері аясында талаптарды (факторинг) қаржыландыру және басқа корпоративтік мақсаттарға бағытталады.

Облигациялар инфрақұрылымдық емес.

18. Эмитент бұрын орналастырған (эмитент сатып алған облигацияларды шегергенде), айналыста болу мерзімі аяқталған облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен ақы төленетін облигациялардың шығару кезінде осы облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні және нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығару көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі

Облигацияларды төлеу бұрын Эмитент орналастырған облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен жүзеге асырылмайды.

19. Облигацияларды ұстаушыға берілетін құқықтар:

- 1) Эмитенттен Облигациялар шығарылымы проспектісінде қарастырылған облигацияның номиналды құнының мерзімін алу немесе өзге мүлдітік баламасын алу құқығы, сондай-ақ ол бойынша белгіленген облигациялардың номиналды құнының пайызын немесе облигациялар шығарылымы проспектісінде белгіленген өзге де мүлдітік құқықты алу құқықтары

Облигацияларды олардың ұстаушылары тең құқықпен ұсынады, оның ішінде:

- Проспектіде айқындалған тәртіппен және мерзімдерде Номиналды құнын алу құқығы;
- Проспектіде айқындалған тәртіппен және мерзімдерде Облигациялар бойынша сыйақы алу құқығы;
- Проспектіде айқындалған Облигациялар сатып алу талаптарына сәйкес Эмитенттің Облигацияларды сатып алуды талап ету құқығы;

2) Эмитенттің Облигацияларды, соның ішінде Облигациялар шығарылымының проспектісінде қарастырылған ковенанттарды (шектеулерді) бұзған кезде жүзеге асыру шарттары, тәртібі және мерзімі көрсетілген сатып алу талабының құқықтары

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Облигацияларды еркін сату немесе өзгеше түрде иесіздендіру құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да құқықтар.

Облигацияларды ұстаушылардың мынадай жағдайларда Эмитенттің Облигацияларды сатып алуын талап етуге құқығы бар:

- Эмитент Проспектінің 12-тармағының 1) тармақшасына сәйкес талаптарды бұзған кезде;
- «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының («БҚР туралы заң») баптарында белгіленген жағдайларда:
 - БҚР туралы заңның 18-4-бабында мынадай бағалардың ең үлкені бойынша:
 - (i) жинақталған сыйақы ескеріле отырып Номиналды құнға сәйкес баға бойынша және (ii) Облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша мынадай жағдайда:
 - a. Эмитенттің органы Облигациялардың делистингі туралы шешім қабылдаған;
 - b. тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және Биржаның ішкі құжаттарында айқындалған ақпаратты қор биржасының ұсынуы бөлігіндегі листингтік талаптардың орындалмауы себебі бойынша Биржаның Эмитент Облигацияларының делистингі туралы шешім қабылдаған;
 - c. эмитент облигацияларды ұстаушылардың бұрынғы өкілімен шартты бұзған немесе оның қолданысын тоқтатқан күннен бастап күнтізбелік алпыс күннен асатын мерзімде облигацияларды ұстаушылардың өкілімен шарт жасаспаған (егер облигацияларды ұстаушылардың өкілімен шарт жасасу міндеті осы Заңның талаптарында көзделген және (немесе) оны жасасуға эмитент бастамашылық жасаған жағдайда) жағдайларда сатып алуға міндетті.

- БҚР туралы заңның 15-бабының 2-тармағында мынадай жағдайда жинақталған сыйақы ескеріле отырып

Номиналды құнға сәйкес келетін баға бойынша:

- a. Эмитент активтерінің құрамына кіретін мүлікті Эмитент активтерінің иесіздендіру күнгі жалпы құнының жиырма бес пайызынан асатын сомаға иесіздендіру;
- b. Облигациялар шығаруға байланысты міндеттемелердің Эмитент активтерінің Облигацияларды мемлекеттік тіркеу күнгі жалпы құнының он пайызынан көп орындалмауы;
- c. Эмитенттің құрылтай құжаттарына Эмитент қызметінің негізгі түрлерін өзгерту көзделетін өзгерістер енгізу;
- d. Эмитенттің ұйымдық-құқықтық нысанын өзгерту.

Жоғарыда аталған жағдайлардың біреуі немесе бірнешеуі туындаған кезде, Эмитент Облигацияларды ұстаушыларға олардың туындау фактілері туралы туындаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитенттің корпоративтік веб-сайтына (www.lease.kz), Биржаның веб-сайтына (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің веб-сайтына (www.dfo.kz) тиісті хабарларды жариялау арқылы хабарлауға міндетті.

Хабарда туындау себептері және Эмитентке Облигацияларды сатып алу бойынша талаптар ұсыну рәсімдері туралы толық ақпарат қамтылуға тиіс.

Облигацияларды ұстаушының бір немесе бірнеше жағдайдың туындағаны туралы хабар жарияланған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде олардың қолындағы Облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініш беруге құқығы бар.

Облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініш еркін нысанда жасалады, бірақ мынадай ақпарат қамтылуға тиіс:

- сатып алынатын Облигациялардың саны және берілген халықаралық идентификациялық нөмірі (ISIN коды);
- заңды тұлға мынадай мәліметтерді көрсетуге тиіс: толық атауы, мемлекеттік тіркелгенін растайтын құжат берілген күн және берген орган, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бар болса), орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері, банктік деректемелері;
 - жеке тұлға мынадай мәліметтерді көрсетуге тиіс – тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, берілген күні берген орган, тұрғылықты жері, байланыс телефонының нөмірі, банктік деректемелері.

Облигацияларды сатып алу туралы кемінде бір жазбаша өтініш алған жағдайда, Эмитенттің Директорлар кеңесі сатып алуға жазбаша

өтінімдер қабылдау кезеңінің соңғы күнінен кейінгі күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдайды. Осындай шешімде сатып алынатын Облигациялардың саны туралы, сатып алу мерзімдері және есеп айырысу тәртібі туралы ақпарат қамтылады.

Эмитент Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигацияларды ұстаушыларға осындай шешімнің қабылдағаны туралы ақпаратты Эмитенттің корпоративтік веб-сайтына (www.lease.kz), Биржаның веб-сайтына (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің веб-сайтына (www.dfo.kz) тиісті ақпараттық хабарды орналастыру арқылы жіберуге міндетті.

Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдағаннан кейін сатып алу осындай шешімнің талаптарына сәйкес, бірақ осындай шешімнің қабылданғаны туралы жарияланған күннен бастап кемінде күнтізбелік 50 (елу) күннен кешіктірілмей және осы тармаққа сәйкес талаптар бұзылған күннен бастап кемінде 90 (тоқсан) күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

Облигацияларды сатып алу Облигацияларды ұстаушылар берген жазбаша өтініштердің негізінде ғана жүзеге асырылады. Жазбаша өтініштер бермеген Облигацияларды ұстаушылардың олардың қолындағы Облигацияларды Айналыс мерзімі аяқталғаннан кейін өтеуге құқығы бар.

20. Туындаған жағдайда Эмитенттің облигациялар бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар туралы мәлімет:

1) Туындаған жағдайда Эмитенттің облигациялар бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар тізбегі

Басталуы Эмитенттің Облигациялар бойынша дефолтқа әкеп соғатын оқиға Эмитенттің Облигациялар бойынша сыйақы және/немесе Проспектіде айқындалған мерзімдер аяқталғаннан кейін Облигациялардың Номиналды құнын төлеу міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамауы болып табылады («**Дефолт оқиғасы**»).

Егер міндеттемелерді орындамау фактісі Эмитенттің Облигацияларды ұстаушылардың банктік деректемелерінің Эмитенттің сыйақыны және/немесе номиналды құнды уақтылы төлеуді

жүзеге асыруына кедергі келтіретін дәйексіз не толық емес деректемелерін алуының не орталық депозитарийдің Эмитентке Облигацияларды ұстаушылардың тізілімін заңнамада және олармен жасасқан шарттарда белгіленген мерзімдерде ұсынбауының нәтижесі болса, Эмитенттің Облигациялар бойынша сыйақы және/немесе Проспектіде айқындалған мерзімдер аяқталғаннан кейін Облигациялардың Номиналды құнын төлеу міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамауы дефолт оқиғасы болып танылмайды.

Егер орындамау дүлей күш жағдайының салдары болып табылса, Эмитент Проспект бойынша міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Дүлей күш жағдайлары деп басталуын алдын ала болжап білуге болмайтын немесе еңсеруге келмейтін жағдайлар (табиғи құбылыс, әскери іс-қимылдар және т.с.) түсініледі. Осындай жағдайлар туындаған жағдайда, төлемдерді жүзеге асыру үшін берілген мерзім осындай жағдайлар және олардың салдарлары орын алған уақытқа тең уақытқа ұзартылады.

- 2) Облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда эмитент қабылдайтын шаралар, соның ішінде, облигацияларды ұстаушыларының облигациялардың кіріс төлемі бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған кезде құқықтарын қорғау рәсімін қоса, оның ішінде міндеттеме тәртібі және қайта құрылымдау талаптары

Дефолт оқиғасы басталған кезде Эмитент Облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету және Дефолт оқиғасы басталуына байланысты туындаған себептерді жою үшін барлық күш-жігерін салуға міндеттенеді.

Дефолт оқиғасы басталған кезде Эмитенттің тиісті органы барлық Облигацияларды ұстаушылардың құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында Дефолт оқиғасын жою жөніндегі іс-шараларын жоспарын (әкімшілік, заңдық, ұйымдастыру-техникалық және басқа іс-шаралар мен рәсімдердің кешенін білдіретін) әзірлеп, бекітеді.

Эмитент Проспектінің талаптарына сәйкес Облигацияларды ұстаушыларға төленетін кез келген соманы төлемеген жағдайда, Эмитент Облигацияларды ұстаушыларға мерзімі өткен әрбір күн үшін ақшалай міндеттемені немесе оның бөлігін орындау күнгі жағдай бойынша ҚРҰБ ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің негізінде есептелетін өсімдік төлеуге міндетті.

Дефолт оқиғасы басталған жағдайда Облигацияларды ұстаушылардың талаптарын қанағаттандыру Проспектіде және Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен және талаптармен жүзеге асырылады.

Дефолт оқиғасы басталған жағдайда міндеттемелерді қайта құрылымдау Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған

3) Эмитенттің облигацияларды ұстаушыларының назарына орындалмаған міндеттемелерінің көлемі, орындалмаған міндеттемелерінің себебі, облигацияларды ұстаушыларының өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі мүмкін іс-әрекеттерінің тізбегі, облигацияларды ұстаушыларының эмитентке, Эмитенттің Облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғаларға талап қою өтінішінің тәртібі туралы мәліметі бар дефолт фактісі жайында ақпаратты жеткізу тәртібі, мерзімі және әдісі

4) Эмитенттің Облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда Эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғалармен шарт жасалған күні мен нөмірі, тұлғаның толық атауы және заңды тұлғаның (сондай тұлға бар болса) мемлекеттік тіркеуден өткен күні мен нөмірі

21. Эмитенттің Облигацияларды өтеу сәтіне дейінгі әрбір сыйақы төлеу кезеңінің бөлігінде сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін

тәртіппен және талаптармен жүзеге асырылады.

Міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен талаптарын Эмитент Облигацияларды ұстаушылармен келіссөздер жүргізу арқылы келіседі.

Дефолт оқиғасы басталған кезде Эмитент Облигацияларды ұстаушыларды Дефолт оқиғасы басталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитенттің корпоративтік веб-сайтына (www.lease.kz), Биржаның веб-сайтына (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің веб-сайтына (www.dfo.kz) тиісті хабарларды жариялау арқылы дербес хабарлауға міндеттенеді, онда мыналар қамтылуға тиіс:

- Дефолт оқиғасы туралы ақпарат;
- Дефолт оқиғасы басталған күнгі орындалмаған міндеттемелердің көлемі;
- Дефолт оқиғасының басталу себептері;
- Облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал іс-әрекеттері;
- Эмитентке талаптармен өтініш жасау тәртібі;
- Дефолт оқиғасы басталған кезде Облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қорғау рәсімдері, оның ішінде осындай жағдайлар болған жағдайда міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен талаптары;
- Дефолт оқиғасының басталуына байланысты Эмитент қабылдайтын шаралар;
- Эмитенттің шешімі бойынша өзге ақпарат.

Эмитенттің Облигациялар бойынша міндеттемелер бойынша ортақ немесе субсидиялық жауапкершілік атқаратын тұлғалар жоқ.

Қолданылмайды.

Купондық сыйақыны және Облигацияларды төлеуге арналған Эмитенттің ақша ағындарының болжамы осы Проспектінің 1 Қосымшасында көрсетілген.

қажетті ақшалай қаражаты көздерінің және ағындарының болжамы

22. Эмитенттің облигацияларды ұстаушыларының өкілі туралы мәлімет (қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық және ипотекалық облигацияларды шығарған жағдайда):

- | | | | |
|--|---------------------------------|------------|-------|
| 1) Облигацияларды ұстаушылар өкілінің толық және қысқартылған атауы | Облигацияларды қарастырылмаған. | ұстаушылар | өкілі |
| 2) Облигацияларды ұстаушылар өкілінің орналасқан жері, байланыс телефондары | Қолданылмайды. | | |
| 3) Облигацияларды ұстаушылар өкілімен Эмитент жасасқан шарттың күні мен нөмірі | Қолданылмайды. | | |

23. Эмитенттің төлем агенті (бар болса) туралы мәліметтер:

Сыйақылар мен Облигациялардың Номиналды құнын Эмитент, төлем агентінің қатысуынсыз, өз бетінше төлейді.

- | | |
|---|----------------|
| 1) Төлем агентінің толық және қысқартылған атауы | Қолданылмайды. |
| 2) Төлем агентінің және бағалы қағаздар бойынша кіріс төлемін (Облигациялардың номиналды құнын) жүзеге асыратын оның филиалдарының орналасқан жері, байланыс телефондары, деректемелері | Қолданылмайды. |
| 3) Төлем агентімен Эмитент жасасқан шарттың күні мен нөмірі | Қолданылмайды. |

24. Эмитенттің консультанттары туралы мәліметтер (Бағалы қағаздар нарығы туралы Заңына сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне қосу және оның тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызмет көрсету жөнінде шарт жасасу міндеті белгіленген жағдайда):

- | | | |
|--|--------------------|--|
| 1) Эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне қосу және оның тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызмет көрсететін тұлғаның толық және қысқартылған атауы | Толық атауы | «Tengri Partners Investment Banking (Kazakhstan)»
Акционерлік қоғамы |
| | Қысқартылған атауы | АҚ «Tengri Partners Investment Banking Kazakhstan» |
| 2) Эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне қосу және оның тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызмет көрсететін тұлғаның орналасқан жері, байланыс телефондары | Мекен-жайы | Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қ-сы, әл-Фараби даңғылы 17-үй, 4Б-блок, 705-бөлме |

Телефон

+7 (727) 311 05 50

- 3) Эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне қосу және оның тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызмет көрсететін тұлғаның орналасқан жері, байланыс телефондары
- Андеррайтер қызметін көрсету туралы Эмитент пен «Tengri Partners Investment Banking (Kazakhstan)» Акционерлік қоғамы арасында 2019 жылғы 25 маусымда жасалған, нөмірсіз шарты.

Басқарма Төрағасы



Субботин А.А

1-қосымша. Облигациялар бойынша сыйақы және Айналыс мерзімі аяқталғанға дейін Номиналды құнын төлеу үшін қажетті ақша қаражатының көздерін және ағындарын болжау

Сокращенный отчет о движении денежных средств

тыс. тенге	2 кв. 2021	3 кв. 2021	4 кв. 2021	1 кв. 2022	2 кв. 2022	3 кв. 2022	4 кв. 2022	1 кв. 2023	2 кв. 2023	3 кв. 2023
Процентные доходы	296,765	367,689	405,152	358,067	358,823	361,090	358,513	352,361	350,635	214,655
Процентные расходы										
Действующие займы	(48,512)	(45,183)	(45,263)	(37,594)	(35,714)	(32,085)	(31,192)	(26,428)	(25,363)	(16,782)
Коммерческие облигации, 270 дней	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Купонные облигации, 24 месяцев	-	-	-	(137,500)	-	(137,500)	-	(137,500)	-	(137,500)
Чистый процентный доход	248,253	322,506	359,889	182,973	323,109	191,506	327,321	188,433	325,272	60,373
Прочие доходы										
Операционные расходы	(67,200)	(67,200)	(67,200)	(70,896)	(70,896)	(70,896)	(70,896)	(74,724)	(74,724)	(49,816)
Лизинговый портфель										
Погашения	764,984	883,485	1,029,942	1,126,992	1,223,623	1,336,045	766,498	829,410	854,233	571,444
Выдача	(929,081)	(1,945,219)	(1,746,192)	(854,226)	(1,158,669)	(1,322,158)	(1,014,657)	(845,338)	(883,287)	(425,160)
Реализация залогового имущества	47,738	60,063	75,693	111,628	138,698	145,889	155,701	166,680	168,416	109,799
CAPEX	-	-	(2,709)	-	-	-	(4,525)	-	-	-
Внешние заимствования										
Заимствования										
Коммерческие облигации, 270 дней	1,347,707	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Купонные облигации, 24 месяцев	-	2,000,000	-	-	-	-	-	-	-	-
Погашения										
Действующие займы	(171,352)	(44,742)	(250,023)	(75,432)	(187,566)	(40,500)	(194,471)	(40,500)	(178,987)	(21,909)
Коммерческие облигации, 270 дней	-	-	(1,482,293)	-	-	-	-	-	-	-
Купонные облигации, 24 месяцев	-	-	-	-	-	-	-	-	-	(2,000,000)
Чистый денежный поток за период	1,241,049	1,208,893	(2,082,893)	421,038	268,300	239,886	(35,029)	223,961	210,923	(1,755,269)
Денежные средства на начало периода	545,033	1,786,082	2,994,975	912,082	1,333,120	1,601,420	1,841,306	1,806,276	2,030,237	2,241,160
Денежные средства на конец периода	1,786,082	2,994,975	912,082	1,333,120	1,601,420	1,841,306	1,806,276	2,030,237	2,241,160	485,891
Лизинговый портфель на конец периода	6,082,386	7,021,897	7,572,270	7,119,891	6,865,116	6,647,139	6,683,665	6,492,436	6,320,175	6,002,086

прошло и пронумеровано
Кол-во листов: 20

Председатель Правления
Судбан А.А.



[Handwritten signature]

«"Қазақстан Республикасының Қаржы
нарығын реттеу және дамыту агенттігі"
республикалық мемлекеттік мекемесі»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«Республиканское государственное
учреждение "Агентство Республики
Казахстан по регулированию и развитию
финансового рынка"»

Свидетельство о государственной регистрации выпуска негосударственных облигаций

Дата выдачи: 23.07.2021 г.

Номер: KZ75VNA00000821

Агентство Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка произвело государственную регистрацию первого выпуска облигаций в пределах второй облигационной программы Акционерного общества «Лизинг Групп» (Республика Казахстан, город Алматы, Бостандыкский район, проспект Аль-Фараби, дом 17, офис 201), зарегистрированного по бизнес-идентификационному номеру 050940003917. Выпуск разделен на 2 000 000 (два миллиона) купонных облигаций без обеспечения, которым присвоен международный идентификационный номер (код ISIN) KZ2C00007789. Номинальная стоимость одной облигации 1 000 (одна тысяча) тенге. Объем выпуска облигаций составляет 2 000 000 000 (два миллиарда) тенге.

Заместитель председателя

Хаджиева Мария Жамаловна

